

## **«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің КІТАПХАНАНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ**

1. Нұр – Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің кітапхананы пайдалану ережесін жоғарғы оқу орындарының кітапхана жайлы белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді.

### **2. Оқырмандардың құқықтары мен міндеттері.**

2.1 Студенттер, ұстаздар қауымы, жоғарғы оқу орнының қызметкерлері кітапхананың негізгі бөлігі кітапхана - ақпарат қызметін тегін пайдалана алады.

Кітапхананың қор құрамы туралы толық анықтаманы каталогтар, картотекалар және де басқа формадағы анықтамалар арқылы білуге болады.

Кітапхана қорынан оқу залында уақытша пайдалануға кез – келген басылымдарды, жарияланбаған құжаттарды және олардың көшірмесін пайдалануына болады.

Құжаттар мен баспа туындыларын іздесуге және таңдауына кеңес алу.

Оқулықты пайдалану және ұзарту белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

#### **Оқырмандардың міндеттері:**

Кітапханаға құжатсыз(студенттік билет) кірмеуге;

Кітапхана қорының кітаптарына, баспа туындыларына, материалдарға жанашырлықпен қарап, оларды сақтауға;

Кітаптарды уақытында қайтаруға;

Оқырман кітапшасына, есеп журналдарына белгіленбей, құжатсыз кітапты кітапханадан алып кетпеуге;

Кітаптарды сызбауға, белгілер салмауға, жыртпауға, бүктемеуге;

Пайдаланған кітаптардың тұрған орнын ауыстырмауға;

Папкалардағы тізімдерді бөліп алмауға;

Оқырман кітапты немесе басқа да құжат, журналдар, аудио, видео, СД, т.б.-ларды алған кезде оларды мұқият қарап алу керек, бір кінәрат болған жағдайда кезекші кітапханашыға хабарлау керек, әйтпесе кітапқа не құжаттарға соңғы алған оқырман жауапты.

Оқырман оқырман билетін біреуге беруге және бөтен оқырман билетімен кітапхана оқулықтарын пайдалануына құқысы жоқ.

Оқырмандар жыл сайын оқу аяғында оқырман кітапшасының ішіндегі алынған кітаптарды тапсырып тіркеуден өту керек. Тіркеуден өтпеген оқырманға келесі оқу жылында кітапхананы пайдалануына рұқсат етілмейді.

Оқырмандар кітапхананы пайдалану ережелерін сақтау керек. Кітапхананы пайдалану ережесін бұзса және кітапханаға шығын әкелген болса, онда ол шығынды белгіленген ереже бойынша төлейді.

Оқырмандар оқулықты, құжаттарды, т.б. жыртып, жоғалтқан жағдайда кітапхананы пайдалану ережелеріне сәйкес төленеді.

### **3. Кітапхананың құқықтары мен міндеттері.**

3.1. Кітапхана өз қызметінде оқырман құқығын 2.1. және 2.2. пункттерінде белгіленген ереже бойынша орындайды.

3.2. Кітапхана өзінің оқырмандарына Нұр – Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Кітапхана ережелері бойынша қызмет көрсетеді.

#### **4. Кітапхана міндетті:**

- Оқырмандарға кітапхана қызметі жайлы хабардар етуге;
- Оқырманды кітапхана қорын толық пайдалануына мүмкіндік туғызуға;
- Өзінің қорын танымал етуге;
- Жаңа технологиялар мен компьютерлерді енгізу арқылы оқырмандарға;
- Кітапхана- ақпараттық және инфографиялық-библиографиялық қызметті жаңартуға;
- Қызметтің жоғарғы мәдениетін көрсету, оқырмандарға қажетті материалдар мен басылым туындыларын іздеу мен таңдауына көмек көрсету;
- Кітапхана- библиографиялық негізгі білім туралы сабақ өткізу, ауызша түсіндіру, каталогпен, картотекамен жұмыс жасауға, кітаптар көрмесін және басқа да мерекелік шараларды ұйымдастыруға;
- Кітапхана кітаптардың, басқа да басылым туындыларының қайтарылуын тұрақты түрде қадағалауға
- Кітапханада оқырмандардың жұмыс жасауына жақсы жағдай туғызуға;